



А. Акберген¹, Н.Т. Асилов¹, С.А. Алимкулов²

¹Қазақстан Республикасы Ұлттық қорғаныс университеті,
Астана, Қазақстан

²Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің
тәрбие және идеологиялық жұмыс департаменті,
Астана, Қазақстан
E-mail: asil.757575@mail.ru

ӘСКЕРИ ТАРИХТАҒЫ ӘСКЕРИ ТӘРТІПТІҢ ТҮСІНІГІ, МӘНІ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Андатпа. Мақалада әскери тәртіпке көзқарастарды өзгерту мәселелері қарастырылады. Сондай-ақ оның әскери құқықпен ажырамас байланысы, мемлекеттілікті нығайтудағы және деструктивті көріністердің жолын кесудегі тәртіптің рөлі мен орнын талдайды. Қазақстан Республикасындағы әскери қызмет кезіндегі әскери тәртіптің қазіргі заманғы түсінігіне талдау жасалған. Қазіргі армиядағы әскери тәртіпке қатысты қазіргі жағдай мен жағдайдың қалыптасуына ықпал ететін әртүрлі тарихи фактілер келтірілген. Тарихи дереккөздерге қысқаша талдау жасалып, Қарулы Күштердің қалыптасуының әртүрлі тарихи кезеңдерінде әскери тәртіпті сақтауға не ықпал еткенін анықтайтын қорытындылар жасалды. Әскери тәртіпті сақтау, әскери қызметшілер арасындағы қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу, сондай-ақ әскери құқық бұзушылықтарды жою бойынша профилактикалық іс-шараларды ұйымдастырудың мақсаттары, міндеттері және жолдары басты назарда.

Түйінді сөздер: әскери тарих, әскери құқық, әскери тәртіп, құқық бұзушылық алдын алу.

Кіріспе.

Әскердің жауынгерлік қабілеттілігі мен үнемі жауынгерлік дайындықта болуының ең маңызды шарты – бұл әскери тәртіп. Әскери тәртіп әрбір әскери қызметшінің өз борышын саналы түрде түсінуі мен Отанын – Қазақстан Республикасын қорғауға деген жеке жауапкершілігіне, халқына шексіз адалдығына негізделеді [1].

Тәртіпсіз кез келген әскер, тіпті ең заманауи қару-жарақпен жабдықталған болса да – бұл жай ғана қарулы тобыр. Осыған байланысты әскери тәртіп пен жарғылық тәртіпті сақтау және нығайту Қарулы Күштердің жауынгерлік қабілеттілігінің негізгі шарты болып табылады. Ел Президенті Қ. Тоқаев өз Жолдауында: «Жастар Отан алдындағы борышын өтеуге әскерге барады. Әскерде заң мен тәртіптің сақталуы – аса маңызды. Әскерилер өз



міндеттерін дұрыс атқаруы үшін Қарулы Күштер мен басқа да күштік құрылымдарда ең алдымен қатаң тәртіп болуы тиіс», – деп атап өтті [2].

Осы талаптарды орындауды қамтамасыз ету мақсатында Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарда құқықбұзушылықтардың алдын алу және әскери тәртіпті нығайту бағытында ауқымды бірлескен жұмыс жүргізілуде. Әскердегі құқықбұзушылықтардың алдын алуда, әсіресе әскери қызметшінің өз борышын адал атқаруына тәрбиелеуде, бөлімнің жауынгерлік дайындығына деген жауапкершілік сезімін қалыптастыру, әскери жарғылар мен әскери антта көзделген жеке қасиеттерді дарыту үлкен рөл атқарады. Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, құқықбұзушылықтардың алдын алу мәселесі мемлекет пен армия үшін өзекті болып табылады деп сеніммен айтуға болады.

Қазақстан Қарулы Күштерінде әскери тәртіпті сақтаудың тарихи-құқықтық талдауы бұл мәселенің әртүрлі тарихи кезеңдерге тән негізгі үрдістерін анықтауға мүмкіндік берді. Сондай-ақ бұл талдау әскери-тарихи мұра мен алдыңғы буындардың тәжірибесіне диалектикалық көзқарас қалыптастырып, қазіргі кезеңде Қарулы Күштерді құру үдерісінде қолдануға болатын оң аспектілерді көруге жағдай жасады.

Осы жұмыстың мақсаты – Қазақстанның әскери тарихындағы әскери тәртіп ұғымының мазмұндық дамуын жинақтап, жүйелеу болып табылады. Зерттеу аясында келесі міндеттер қарастырылады: әскери тәртіптің мәні мен оның Қарулы Күштердің қалыптасуындағы маңыздылығы жөніндегі әртүрлі ғылыми дереккөздерге шолу жасау; армияда әскери қызмет өткеру барысында әскери тәртіпті қазіргі заманғы түсінік тұрғысынан талдау жүргізу.

Материалдар мен тәсілдер.

Зерттеу барысында ғылыми әдебиеттер мен ашық дереккөздердегі материалдар зерделенді. Зерттеу шеңберінде танымның логикалық әдістері – талдау, синтез, жалпылау, дедукция, ғылыми интерпретация қолданылды. Сонымен қатар автор зерттеудің әдістемелік негізі ретінде жүйелі талдау мен кешенді құқықтық тәсілді қолданады. Бұл әдістер әскери қылмыстардың алдын алу мен ескерту мәселелерін, Қарулы Күштер қызметінің ұйымдастырушылық-құқықтық қамтамасыз етілуіндегі рөлін жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді.

Нәтижелер мен талқылау.

Мемлекеттің әскери қызмет саласындағы құқықтық негіздерінің қалыптасуында тарихи тәжірибе маңызды рөл атқарады. Мұндай тәжірибені ескеру, бір жағынан, отандық тарихи-құқықтық дәстүрде жинақталған озық білімді, дәстүрлерді, үлгілерді тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Екінші жағынан, әскери тәртіп саласындағы тарихи тәжірибені назарға алу – бұл әлеуметтік тәжірибе саласында бұған дейін жіберілген қажетсіз қателіктер мен өкінішті оқиқылықтарды болдырмауға жол ашады.



«Тәртіп» термині латын тілінен шыққан және ол әртүрлі мағыналарда қолданылған: тәрбиелеу, оқыту, ғылым, норма, ереже, әдет-ғұрып, қатаң тәртіп, өмір салты. Бұл ұғым қатаң ережелерге негізделді және жаңадан шақырылған әскерилерді іріктеу мен даярлауды қамтыды. Рим әскери-қылмыстық құқық жүйесінде әскери қылмыстық әрекет ұғымы әскери қызметтің арнайы міндеттерінің бұзылуымен шектелген. Бұл өз кезегінде әскери құқықбұзушылықтың нақты үлгісі болып есептелді [3].

Қазақ халқының ежелгі және орта ғасырлардағы әскери ісіндегі әскери тәртіп әлемдік деңгейде маңызды рөл атқарған. Еуразия көшпенділері әскери салада үстемдікке ие болып, жаһандық үдерістердің бағыты мен дамуына ықпал етті. Ежелгі және ортағасырлық дәуірлерде еуразиялық көшпенділер, соның ішінде қазақ жауынгерлері, Еуропа мен Азияның бірқатар мемлекеттері мен халықтарының армияларын жеңіп, тамаша жеңістерге жеткен. Сақтар, қыпшақтар және Еуразиядағы басқа да көшпелі тайпалардың жеңісті жорықтарының сыры — олардың әскери жүйесі орта ғасырдағы ең дамыған әскери жүйелердің бірі болғандығында. Бұл әскери жүйе Қытай, Иран, Византия және Русь сияқты көршілес елдердің әскери ісіне үлкен ықпал етіп, ат үстіндегі әскердің, әсіресе атты садақшылардың дамуына жол ашты. Көшпенділердің жоғары әскери шеберлігі Шыңғыс хан империясының құрылуына себеп болды. Бұл империяны дәлірек айтқанда, Орталық Азия көшпенділерінің империясы деп атауға болады. Бүкіл әлемді дүр сілкіндірген бұл империя өз дәуірінде теңдессіз болды.

Көшпенділердегі әскери тәртіп мәселесі әлемнің әртүрлі елдерінен шыққан ғалымдардың зерттеу нысанына айналды. Бұл — тарихшылардың, археологтардың, этнологтардың көптеген монографияларынан, ғылыми мақалаларынан, жазбаларынан және хабарламаларынан айқын көрінеді.

Л. Коэннің пікірінше, ежелгі түркілер — бұл этникалық шығу тегіне қарамастан жеке тұлғалар мен рулардың қоғамы болған. Оларды өзара тек саяси бірлік пен әскери тәртіп байланыстырып тұрған [4].

Ю. Худяковтың IX–X ғасырлардағы қырғыздардың әскери ұйымының құрылымы жөніндегі зерттеуінде: «Көшпелі қоғам ішіндегі әлеуметтік жіктелудің дамуына және әскери істің эволюциясына байланысты әскердің ұйымдасуы одан әрі орталықтандыру, саптық тәртіпті арттыру бағытында жетілдіріле түсті» — деп көрсетіледі [5].

М.О. Иванин «Моңғолдардың әскери өнері мен жаулап алушылықтары туралы» еңбегінде [6] моңғол армиясының табысты болуының басты себептерінің бірі — тәртіп екенін атап өтеді. Шыңғыс ханның әскері ондық жүйеге негізделген қатаң ұйымдасумен және қатал, бірақ тиімді жаза жүйесімен ерекшеленді. Әрбір жауынгер, шеніне қарамастан, қатаң ережелерге бағынды және өзінің әрекеттері үшін толық жауапты болды. Тәртіпті бұзғандар қатаң жазаланды, тіпті өлім жазасына кесілетін. Мысалы, ұрыс алаңынан қашқан жауынгер өлім жазасына тартылды.

Л.Н. Гумилевтің мәліметінше, Шыңғыс ханның заңнамасының негізінде әскери жарғы жатқан. «Жазаның екі түрі болды: өлім жазасы және "жер



аудару" – Моңғолияның қуаң солтүстік өңірлеріне. Бұл жарғының ерекше белгісі – шайқас кезінде серігіне көмек көрсетпегені үшін жаза тағайындау ережесінің енгізілуі» [7].

Орда әскері туралы ең толық мәліметті Жувеини (Джувайни) өзінің «Тарих-и жахан-гуша» атты еңбегінде келтірген [8]. Ол моңғол әскерінің жоғары тәртіптілігі мен ондық, жүздік және мыңдықтарға бөліну жүйесін ерекше атап өтеді. «Ұрыста олар шабуылдағанда, үйретілген жыртқыш аңдардай, – деп жазады ол, – ал бейбіт күндері олар сүт, жүн және басқа да пайдалар әкелетін қойлар секілді». Жауынгерлер сабырлы әрі төзімді болған.

Мұндай жауынгерлік әрі көпұлтты халықтың басын біріктірген әскер құрамында қатаң тәртіпті сақтау аса маңызды болған, ал оны қамтамасыз ету үшін нақты күш қажет етілген. Бұл ретте Шыңғыс хан әскерінің әскери ұйымын зерттеген ғалым Б. Владимирцов былай деп жазады: «Тәртіпті бақылау үшін жүз мыңдық әскерден бөлек, ханның киіз үйін күзететін он мыңдық гвардия құрылған» [9].

Осылайша, моңғол армиясының табысты жаулап алушылықтарында қатаң тәртіп, тиімді ұйымдасу мен өзара жауапкершілік жүйесі шешуші рөл атқарған.

А.К. Құшқұмбаевтың монографиясында қазақтардың әскери ұйымындағы әскери тәртіптің бастауын ұжымдық абылау (топтық) аңшылық тәжірибесінен іздеуге болатыны көрсетіледі. Аңшылық кәсібі – көшпелі өмір салтының айрықша әрі маңызды салаларының бірі ретінде, қоғам өмірінің барлық қырларына, соның ішінде әскери жүйеге де айтарлықтай ықпал еткен. Зерттеуде абылау аңшылықтың түрлері мен формалары сипатталып, оның ішкі әлеуметтік иерархиясы мен әскери құрылыммен ұқсастығы келтіріледі. Автордың пікірінше, «абылау аңшылық кезінде сақталатын қатаң мінез-құлық ережелері мен тәртіп талаптары аң аулау барысындағы тәртіп бұзушылықтар мен қателіктерді соғыс кезіндегі әскери қылмыстармен теңестіргенін көрсетеді» [10].

XVII ғасырдың басынан XVIII ғасырдың ортасына дейін қазақтар жоңғарлармен соғыс жүргізді. Жоңғар армиясындағы тәртіп пен қатаң ұйымдасқан құрылым, жалпы алғанда, жоңғар мемлекетіндегі тәртіп пен орталықтандыру – олардың сәтті әскери жорықтарының басты шарты болды. Жоңғарлардың жоғары әскери-саяси орталықтандырылуы қазақтармен болған соғыстарда айқын байқалды. В. Моисеевтің айтуынша, «жеке алғанда әрбір қазақ жауынгері өзінің қарсыласынан әскери машық пен ерлік жағынан кем түспеді, алайда олардың басшылары – хандар, сұлтандар мен батырлар көп жағдайда бөлектеніп, өзара келісімсіз әрекет етті, соның салдарынан жеңіліске ұшырап отырды» [11].

Қазақ қарулы күштерінің жауынгерлік қабілетін арттырған тағы бір маңызды құбылыс – батырлық институтының қарқынды дамуы болды. Батырлар әскери ұйымның маңызды құрылымдық элементіне айналып, қазақ әскері ішіндегі рулық-тайпалық құрылымды біріктіріп, нығайтты. Ұрыстарға қатысу тәжірибесі мол, беделді батырлар рулық жасақтарды басқарып, әскери



тәртіпті сақтап отырды, сондай-ақ соғыс операцияларын жоспарлап, олардың орындалуына тікелей атсалысты. Қазақтардың әскери өнерін зерттеудегі ең жан-жақты қарастырылған мәселелердің бірі – Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс. XIX ғасырдың 40-жылдарында Ресей империясының үкіметтік әскерімен болған әскери қақтығыстар барысында «бүлікші» сұлтан Кенесары Қасымұлы дарынды қолбасшы ретінде көзге түсті. Ол 20 мың жауынгер-жігіттен құралған мықты әскери жасақ құрып, онда қатаң әскери тәртіп орнатты. Кенесары жасақтарының әрекеті отарлық билік үшін аса қауіпті саналып, патша әкімшілігі мен әскери зерттеушілер тарапынан ерекше назарға ілікті. Көтеріліске қатысты алғашқылардың бірі болып жарық көрген еңбектердің бірі – барон Услардың «Қырғыз даласындағы төрт ай» атты әңгімесі. Бұл еңбек 1848 жылы «Отечественные записки» журналында жарияланды. Онда барон Услар Кенесары әскерінің тәртіптілігі мен ұйымдасқандығын ерекше атап өтеді: «Менің көз алдымда Кенесары барлық қазақтарын жинап, түнгі қарауыл кезінде ұйықтап жатқан бір қазақты өлім жазасына кесті» [12]. Ерекше көзге түскен жігіттерді Кенесары әлеуметтік жағдайына қарамастан марапаттаған.

Зерттеуші Ж. Қасымбаев хан Кенесары жүргізген әскери реформалар туралы жазады: «Хан өз армиясын да реформалады. Оның тұсында артиллерия пайда болды, қазақтар жаяу саптық жүйені меңгере бастады. Алғаш рет айырмашылық белгілері мен ерлік көрсеткен жауынгерлерді марапаттау жүйесі енгізілді. Хан жақсы үйретілген, тәртіпті әрі мобильді 20 мыңға жуық атты әскер жасақтай алды» [13].

Армия құрамында қызметтік тәртіпті сақтау – оның қуатының міндетті әрі аса маңызды шарты болып табылады. Бұл тұрғыда Кеңес мемлекетінің талаптары өте қатаң болған. Әскери басшы М.В. Фрунзе өз еңбектерінде әскери тәртіп пен армия реформасына, соның ішінде Қызыл Армияға ерекше назар аударды. Оның тәртіпке деген көзқарасы революция мен Азамат соғысы кезеңінде қалыптасты. Ол бұл кезеңде жаңа, патшалық тәртіптен өзгеше принциптерге негізделген тәртіпті әрі қабілетті әскер құру қажеттігін көрді. Фрунзе өз еңбектерінде патша армиясын тәртіптің төмен деңгейі үшін сынға алды. Оның пікірінше, бұл – Бірінші дүниежүзілік соғыстағы жеңілістердің негізгі себептерінің бірі болған. Ол патша армиясындағы тәртіпті саналы бағынуға емес, қорқыту мен мәжбүрлеуге негізделген формалды тәртіп деп бағалады [14].

Қызыл Армияның өміршендігін қамтамасыз етудегі маңызды шарттардың бірі – әскери тәртіп пен тәртіптік теріс қылық ұғымдарының мәнін нормативтік тұрғыдан бекіту болды. Әскери тәртіп – бұл «Қызыл Армияда орнатылған тәртіпті білу және оны қатаң сақтау, ол Кеңес үкіметінің заңдары мен әскери жарғыларға негізделіп, әскердің өмірі мен тұрмысын, жауынгерлік қызметін реттейді» [15].

Ұлы Отан соғысы (1941–1945) жылдары командирлер мен саяси органдардың негізгі күш-жігері әскери тәртіпті нығайту міндеттерін практикалық тұрғыда шешуге бағытталды. Алайда, соғыс кезеңінің әртүрлі



кезеңдерінде келесі теріс құбылыстар да орын алды: тәрбие жұмысын репрессиямен алмастыру; командирлердің тәртіптік құқықтарын шектен тыс пайдалануы; тәртіптік тәжірибені жүзеге асырудағы жүйесіздік; тәртіптің сыртқы көрінісін елемей; тәртіптік теріс қылықтар мен әскери қылмыстар арасындағы шекараның бұлдырлығы және т.б.

Соғыстан кейінгі кезеңде жеке құрамды оқыту мен тәрбиелеу тәжірибесін жинақтаумен қатар, олардың жоғары моральдық-жауынгерлік және психологиялық қасиеттерін қалыптастыру, жаппай демобилизацияға байланысты жұмыс формалары мен әдістерін негіздеу мәселелері қарастырылды. Осы кезеңде бейбіт жағдайда әскери тәртіпті нығайту мәселелері де әртүрлі деңгейлерде қаралды.

Көрнекті әскери қолбасшы әрі жазушы Бауыржан Момышұлы тәртіпті ұрыста да, өмірде де табыстың негізі деп бағалап, оған үлкен мән берген. Ол тәртіпті шектеу емес, керісінше, мақсатқа жетуге және өміріңді басқаруға мүмкіндік беретін еркіндікке апарар жол ретінде қарастырған. Оның пайымдауынша, ақыл-ой тәртібі – яғни өз ойы мен эмоциясын бақылауға алу қабілеті – дене тәртібінен басталады.

Бауыржан Момышұлы өз еңбектерінде тәртіптің әртүрлі қырларын ашады, соның ішінде [16]:

Ұрыстағы тәртіп – бұйрықты нақты орындау, өзара көмек және жауынгерлік жағдайда өзін-өзі бақылау – бұл өмір сүру мен жеңіске жетудің басты шарты.

Ақыл-ой тәртібі – бұл өзінді, өз ойларын мен сезімдерінді басқару қабілеті, әсіресе күйзеліс жағдайында аса маңызды қасиет.

Күнделікті өмірдегі тәртіп – бұл күн тәртібін сақтау, қойылған тапсырмаларды орындау және өз әрекеттері үшін жауапкершілік сезіну. Мұның бәрі табысқа жетудің және өзін-өзі жетілдірудің берік іргетасы болып табылады.

Жалпы алғанда, Бауыржан Момышұлы өз кітаптарында тәртіпті сырттан таңылған нәрсе емес, керісінше, адамның ішкі наным-сеніміне негізделген қасиет ретінде сипаттайды. Оның айтуынша, тәртіп – бұл адамның дамуына, қиындықтарды еңсеруіне және алға қойған мақсаттарына жетуіне көмектесетін ішкі ұстаным. Ол тәртіп адамға өзін-өзі жүзеге асыруға күш беріп, сыртқы жағдайларға тәуелділіктен азат етеді деп санаған.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған кезеңде әскери құрылыс саласындағы басты міндет – әскери тәртіпті қамтамасыз ететін нормативтік-құқықтық базаны және тиімді жүйені қалыптастыру болды. Бұл кезеңде офицерлік кадрларды даярлау мен Қарулы Күштерді жасақтау, әскердің жауынгерлік және жұмылдыру даярлығын ұйымдастыру, әскери тәртіпті арттыру, әскери қызметшілердің өз бетінше бөлімдерді тастап кетуін және құқықбұзушылықтарды жою мәселелері өзекті болды [17].

1998 жылғы 27 қарашада Президенттің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тәртіптік жарғысы әскери тәртіптің мәнін, оны сақтау жөніндегі әскери қызметшілердің міндеттерін,



көтермелеу және тәртіптік жазалау түрлерін, сондай-ақ оларды қолдануға қатысты командирлердің құқықтарын айқындады. Қазіргі уақытта күші жойылған бұл жарғы Қазақстанның барлық әскери құрылымдарындағы әскери қызметшілер үшін міндетті тәртіп ережелерін белгілеген болатын.

1998 жылғы Тәртіптік жарғыға сәйкес, әскери тәртіп келесі қағидаттарға негізделді [18]:

- 1) Заңдарды, әскери антты және жалпыәскери жарғыларды қатаң сақтау.
- 2) Командирлердің (бастықтардың) бұйрықтарын орындау.
- 3) Әскери қызметтің қиындықтарына төзімділікпен қарау.
- 4) Сақтық пен мемлекеттік құпияларды сақтау.
- 5) Командирлерге (бастықтарға) және қызметтестерге құрмет көрсету.
- 6) Әскери сәлемдесу мен сыпайылық ережелерін сақтау.

1998 жылғы Жарғының ережелері әскери шеніне, лауазымына немесе еңбегіне қарамастан барлық әскери қызметшілерге қатысты қолданылды. Бұл жарғы сондай-ақ ІІМ Ішкі әскерлеріне, ҰҚК құрылымдарына, Азаматтық қорғаныс бөлімдеріне, Республикалық гвардияға, Президент күзет қызметіне, әскери міндеттілерге және әскери қызметтен босатылған, бірақ әскери киім киетін азаматтарға да қатысты болды.

Айта кету керек, 2007 жылы бұл жарғының орнына Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жалпыәскери жарғылары қабылданды. Бұл құжат әскери тәртіпті әскери қызметшілердің барлығы үшін заңдарда, әскери жарғыларда және командирлердің (бастықтардың) бұйрықтарында белгіленген тәртіп пен ережелерді қатаң әрі дәл сақтау ретінде анықтайды.

Осылайша, әскери тәртіп – бұл заңдылықтың нақты көрінісі болып табылады. Әскери салада әскердің адамгершілік және моральдық-психологиялық жай-күйі аса маңызды рөл атқарады. Сондықтан да әскери заңнамада басқа құқық салаларымен салыстырғанда осы қасиеттерді жан-жақты нығайтуға бағытталған нормалар көбірек қамтылған.

Әскери заңнамада әскери қызметшілердің рухани жағдайына, адамгершілік келбетіне, ішкі тұлғалық қасиеттеріне қойылатын талаптарды бекітетін көптеген басқа да құқықтық нормалар бар. Дәл осы нормалар әскери тәртіптің мәнін, оның әскери саладағы мақсатын түсінудің негізі болып табылады. Олар жариялайтын рухани құндылықтар – әскери ұйымның негізі болып саналады. Дегенмен, әскери тәртіптің қазіргі заманғы ұғымын жан-жақты талдау оның нақты заңнамалық шекараларының жоқ екенін көрсетеді.

Қорытынды.

Жүргізілген талдау әскери тәртіпті заңдылықпен (оған негізделетін) және мемлекеттік тәртіппен (оның ерекше түрі ретінде) ұқсастығына қарамастан, бірегей қоғамдық құбылыс ретінде сипаттауға мүмкіндік берді.

Бірінші ерекшелік – бұл қоғамның, мемлекеттің және оның азаматтарының, әсіресе әскери қызметшілердің өз Отанын қорғауға және әскери қызметке деген көзқарасы, ол ғасырлар бойы қалыптасқан.



Келесі ерекшелік – әскери тәртіптің адамгершілік сипаты, ол әскери қызметшілердің жалпы міндеттерінен көрінеді. Бұл міндеттердің мәні – жоғары этикалық мазмұнға ие нормалар, мысалы: адал, батыл болу, зиянды әдеттерден (темекі тарту және ішімдік ішу) бас тарту, әскери сыпайылық пен тәртіп ережелерін сақтау, әскери сәлемдесуді орындау, киім үлгісінде жүріп, әрдайым таза әрі ұқыпты болу және т.б. Бұдан бөлек, әскери қызметшілер тек әскери тәртіпті бұзғаны үшін ғана емес, сонымен қатар мораль мен әскери ар-намыс нормаларын бұзғаны үшін де тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

Әскери тәртіптің келесі бір ерекшелігі – бұл бұйрыққа сөзсіз бағыну, ол бірөңғай басшылық қағидасына негізделеді. Командирдің бұйрығы сөзсіз, дәл және уақытылы орындалуға тиіс. Бұйрықты талқылауға жол берілмейді, ал оған бағынбау немесе орындамау – әскери қылмыс болып есептеледі.

Әскери тәртіпке әскери қызметшілерге қойылатын талаптардың нақты әрі егжей-тегжейлі регламентациясы тән. Бұл құбылыс Қарулы Күштердің және әрбір әскери қызметшінің алдындағы міндеттердің аса маңыздылығы мен жоғары жауапкершілігімен түсіндіріледі.

Әскери тәртіптің ерекшелігі – оның ережелерінің қызметтен тыс уақытқа да таралуы болып табылады. Ішкі қызмет жарғысында, атап айтқанда, әскери қызметшілердің азаматтық халыққа сыпайылық танытып, қарт адамдарға, әйелдер мен балаларға ерекше ықылас білдіруі, азаматтардың ар-намысын қорғауға жәрдемдесуі, сондай-ақ жазатайым оқиғалар, өрттер мен табиғи апаттар кезінде оларға көмек көрсетуі тиіс екендігі белгіленген. Әскери қызметшінің қоғамдық орында мас күйінде жүруі – оның ар-намысын қорлайтын және қадір-қасиетін түсіретін өрескел тәртіптік теріс қылық болып саналады. Бұдан бөлек, әскери сыпайылық, мінез-құлық және әскери сәлемдесу ережелерін әскери киім киіп жүрген запастағы немесе отставкадағы азаматтар да міндетті түрде сақтауы тиіс.

Әскери тәртіптің айрықша белгісі – орындаушыларға қойылатын жоғары талап, ол командирлерге (бастықтарға) сөзсіз бағынудың қажеттілігімен және әскери қызметтің қиын әрі қатал жағдайларында, ауыртпалық пен қиындықтарға, өмірге төнетін қауіптерге қарамастан, бұйрықтарды мүлтіксіз орындауымен байланысты.

Әскери тәртіптің ерекшелігі – бұл бастықтарға жоғарғы деңгейдегі бағыну талабы. Ұрыстағы жағдайларда, барлық сарбаздардың іс-қимылдарының барынша келісімділігін, күш пен ерік-жігердің шекті шоғырлануын қажет ететін кезде, жауынгерлік тапсырмаларды тиімді орындау осындай бағынусыз мүмкін емес.

Тағы бір ерекшелік – әскери тәртіпті қамтамасыз ету үшін командирлерге (бастықтарға) берілген тәртіптік өкілеттіктердің ауқымының кеңдігі. Бұл – тәртіп пен реттілікті сақтау үшін шаралар қолдануға, кей жағдайларда қару қолдануға дейін баруға мүмкіндік береді. Қаруды қолдану – әскерге тән ерекше ықпал ету құралы, ол тек командирдің өзі ғана емес, оның бұйрығымен бағыныштылар арқылы да жүзеге асырылады. Қару ашық бағынбау жағдайында, яғни әскери міндетті орындауға немесе Отанға



опасыздық жасауға бағытталған әрекеттер кезінде, тәртіпті қалпына келтіру мақсатында қолданылады. Мұндай жағдайларда қару тек ұрыс жағдайында ғана емес, бейбіт уақытта да ерекше жағдайларда қолданылуы мүмкін.

Әскери тәртіпті нығайтудың құқықтық құралдары заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету тәсілдеріне ұқсас, алайда олар әскери қызметтің ерекшеліктеріне байланысты өзіндік сипаттарға ие.

Осылайша, әскери тәртіптің пайда болуы мен дамуы – тәртіп атты жалпы құқықтық құбылыстың бір тармағы ретінде – мемлекеттің институты ретінде армияның қалыптасу процесімен тікелей байланысты. Әскери тәртіп ұғымы мен мәні әр тарихи кезеңде, әскери қызмет өткерген адамдарға жүктелген міндеттердің құқықтық сипатына сүйене отырып анықталды. Ежелгі кезеңдерден бастап әскери тәртіп армиядағы әлеуметтік байланыстарды ұйымдастырудың әмбебап құралы, Қарулы Күштердің тұтастығын, сондай-ақ бүкіл мемлекеттің тұрақтылығын қамтамасыз ететін біріктіруші негіз ретінде қарастырылып келді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғыларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі №364 Жарлығы. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». <https://adilet.zan.kz/>

2. «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм». Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы.

3. Муфтиев Р.Г. Понятие, сущность и признаки воинской дисциплины в истории права//Сибирский юридический вестник. 2011. №1. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/ponyatie-suschnost-i-priznaki-voinskoy-distsipliny-v-istorii-prava> (дата обращения: 13.07.2025).

4. Жумадил А.К. Военное дело кочевников Евразии: историографический анализ: монография//А.К. Жумадил. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 272 с.

5. Худяков Ю.С. Военное искусство енисейских кыргызов IX—XII вв. в кн.: Южная сибирь в скифо-сарматскую эпоху. – Кемерово, 1976. – С.102-110.

6. Иванин М.О. О военном искусстве и завоеваниях монголов. – СПб, 1846. – 200 с.

7. Гумилев Л.Н. Поиски вымышленного царства (Легенда о «Государстве пресвитера Иоанна»). – М.: Наука. 1970. – 431 с.

8. Абусейтова М.Х. «Та'рих-и Джахангушай» Джувайни как источник по истории Казахстана // Валихановские чтения. – Кокшетау, 1992. – С. 186–187.

9. Владимирцов Б.Я. Общественный строй монголов. – Л., 1934. – 189 с.

10. Кушкумбаев А.К. Военное дело казахов в XVII-XVIII веках. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – с. 172.
11. Моисеев В.А. О военном деле и войнах Джунгарского ханства//Из истории международных отношений в Центральной Азии. (Средние века и новое время). – Алма-Ата: Ғылым, 1990. – 289 с.
12. Услар Б. Четыре месяца в Киргизской степи//Отечественные записки. – Т. IX. – 1848. – С.112-123.
13. Касымбаев Ж.К. Об освободительном характере восстания 1837-1847 гг. под предводительством хана Кенесары Касымова. – Алматы, 1993. – С.51.
14. Фрунзе М.В. Единая военная доктрина и Красная Армия: [брошюра]//М.В. Фрунзе. - Москва: Военное издательство народного комиссариата обороны Союза ССР, 1941. - 21 с.
15. Дисциплинарный Устав Красной Армии: утв. приказом Народного Комиссариата Обороны Союза ССР от 12 окт. 1940 г. № 356. Ст. 13.
16. Момышулы Б. Психология войны: Книга-хроника//Сост. Мырзахметов М. - Алма-Ата: Казахстан, 1990. — 240 с.
17. Момышулы Б. За нами Москва. Записки офицера [Текст]//Б. Момышулы. - 6-е изд. - А.: [б. и.], 1970. - 526 с.
18. Постановление Президента РК. Об утверждении Положения об органах воспитательной и социально-правовой работы в ВС РК//Закон РК об органах обороны, правосудия, безопасности и правопорядка: с изменениями и дополнениями на 1 января 1996 г. Сост. Д.А. Лукиных. – Алматы: Жеті жарғы, 1996. - Ч. 1. С. 128–129.
19. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жарғыларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 27 қарашадағы N 4156 Жарлығы. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». <https://adilet.zan.kz/>

REFERENCES

1. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғыларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі №364 Жарлығы. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». <https://adilet.zan.kz/>
2. «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм». Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы.
3. Muftiev R.G. Ponjatie, sushhnost' i priznaki voinskoj discipliny v istorii prava//Sibirskij juridicheskij vestnik. 2011. №1. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/ponyatie-suschnost-i-priznaki-voinskoy-distsipliny-v-istorii-prava> (data obrashheniya: 13.07.2025).
4. Zhumadil A.K. Voennoe delo kochevnikov Evrazii: istoriograficheskij analiz: monografija//A.K. Zhumadil. – Almaty: Қазақ университети, 2014. – 272 с.



5. Hudjakov Ju.S. Voennoe iskusstvo enisejskikh kyrgyzov IX—XII vv. v kn.: Juzhnaja sibir' v skifo-sarmatskuju jepohu. – Kemerovo, 1976. – S.102-110.
6. Ivanin M.O. O voennom iskusstve i zavoevaniyah mongolov. – SPb, 1846. – 200 s.
7. Gumilev L.N. Poiski vymyshlennogo carstva (Legenda o «Gosudarstve presvitera Ioanna»). – M.: Nauka. 1970. – 431 s.
8. Abuseitova M.H. «Ta'rih-i Dzhahangushaj» Dzhuvajni kak istochnik po istorii Kazakhstana // Valihanovskie chtenija. – Kokshetau, 1992. – S. 186–187.
9. Vladimircov B.Ja. Obshhestvennyj stroj mongolov. – L., 1934. – 189 s.
10. Kushkumbaev A.K. Voennoe delo kazahov v XVII-XVIII vekah. – Almaty: Dajk-Press, 2001. – s. 172.
11. Moiseev V.A. O voennom dele i vojnah Dzhungarskogo hanstva//Iz istorii mezhdunarodnyh otnoshenij v Central'noj Azii. (Srednie veka i novoe vremja). – Alma-Ata: Fylym, 1990. – 289 s.
12. Uslar B. Chetyre mesjaca v Kirgizskoj stepi//Otechestvennye zapiski. – T. IX. – 1848. – S.112-123.
13. Kasymbaev Zh.K. Ob osvoboditel'nom haraktere vosstaniya 1837-1847 gg. pod predvoditel'stvom hana Kenesary Kasymova. – Almaty, 1993. – S.51.
14. Frunze M.V. Edinaja voennaja doktrina i Krasnaja Armija: [broshjura]//M.V. Frunze. - Moskva: Voennoe izdatel'stvo narodnogo komissariata oborony Sojuza SSR, 1941. - 21 s.
15. Disciplinarnyj Ustav Krasnoj Armii: utv. prikazom Narodnogo Komissara Oborony Sojuza SSR ot 12 okt. 1940 g. № 356. St. 13.
16. Momyshuly B. Psihologija vojny: Kniga-hronika//Sost. Myrzahmetov M. - Alma-Ata: Kazakhstan, 1990. — 240 s.
17. Momyshuly B. Za nami Moskva. Zapiski oficera [Tekst]//B. Momyshuly. - 6-e izd. - A.: [b. i.], 1970. - 526 s.
18. Postanovlenie Prezidenta RK. Ob utverzhdenii Polozheniya ob organah vospitatel'noj i social'no-pravovoj raboty v VS RK//Zakon RK ob organah oborony, pravosudija, bezopasnosti i pravoporjadka: s izmenenijami i dopolnenijami na 1 janvarja 1996 g. Sost. D.A. Lukinyh. – Almaty: Zheti zharry, 1996. - Ch. 1. S. 128–129.
19. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің заңдарының бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 27 қарашадары N 4156 Жарлығы. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». <https://adilet.zan.kz/>

Aidos Akbergen, Colonel of Justice, PhD student at the National Defense University of the Republic of Kazakhstan, National Defense University of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan

Nurtaza Asilov, Colonel, PhD, Associate Professor (Associate Professor), methodologist of the doctoral program of the National Defense University, National Defense University of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan



Sergali Alimkulov, Colonel, PhD, Head of the Department of Educational and Ideological Work of the Ministry of Defense of the Republic of Kazakhstan, Department of Educational and Ideological Work of the Ministry of Defense of the RK, Astana, Kazakhstan

THE CONCEPT, MEANING AND FEATURES OF MILITARY DISCIPLINE IN MILITARY HISTORY

Abstract. The article examines the problems of changing approaches to military discipline. It also analyzes its inseparable connection with military law, the role and place of discipline in strengthening statehood and suppressing destructive manifestations. An analysis of the modern understanding of military discipline during military service in the Republic of Kazakhstan is given. Various historical facts are presented that contribute to the formation of the current state and situation regarding military discipline in the modern army. A brief analysis of historical sources is conducted, conclusions are made that determine what contributed to the maintenance of military discipline at various historical stages of the formation of the Armed Forces. Attention is focused on issues of military discipline, the prevention of criminal offenses among military personnel, as well as the goals, objectives and ways of organizing preventive measures to eliminate military offenses.

Keywords: military history, military law, military discipline, offense, prevention.

Айдос Акбергел, полковник юстиции, докторант Национального университета обороны РК, Национальный университет обороны РК, Астана, Казахстан

Нуртаза Асиль, полковник, PhD, ассоциированный профессор (доцент), методист докторантуры Национального университета обороны, Национальный университет обороны РК, Астана, Казахстан

Сергали Алимкулов, полковник, PhD, начальник управления Департамента воспитательной и идеологической работы МО РК, Департамент воспитательной и идеологической работы МО РК, Астана, Казахстан

ПОНЯТИЕ, ЗНАЧЕНИЕ И ОСОБЕННОСТИ ВОИНСКОЙ ДИСЦИПЛИНЫ В ВОЕННОЙ ИСТОРИИ

Аннотация. В статье рассматриваются проблемы изменения подходов к воинской дисциплине. Анализируется и ее неразрывная связь с военным правом, роль и место дисциплины в укреплении государственности и подавлении деструктивных проявлений. Дается анализ современного



понимания воинской дисциплины при прохождении военной службы в Республики Казахстан. Приведены различные исторические факты, способствующие формированию нынешнего состояния и положения дел в отношении воинской дисциплины в современной армии. Проведен краткий анализ исторических источников, сделаны выводы, определяющие, что способствовало поддержанию воинской дисциплины на различных исторических этапах становления Вооруженных Сил. Акцентируется внимание на вопросы воинской дисциплины, профилактика уголовных правонарушений среди военнослужащих, а также цели, задачи и пути организации профилактических мероприятий в искоренении воинских правонарушений.

Ключевые слова: военная история, военное право, воинская дисциплина, правонарушение, профилактика.

Қабылданған күні: 2025 жылғы 22 маусым

Рецензиядан өткен күні: 2025 жылғы 29 шілде

Мақұлданған күні: 2025 жылғы 01 тамыз